| *Ортаңғы топ.* | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | **№5** | | | | |
| *Күндері* | **27.09 - 01.10.2021** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Қош келдің, Алтын күз! / Золотая осень / Gold autumn** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | Бөбек лүпілі жекеменшік балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Дуйсенбаева Н.Ж | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; ата-аналарға баланың үйдегі қауіпсіздігі жайлы ақпарат беру; балаларға жағымды орта туғызу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларға қуыршақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуге үйрету: балаларды жұмысқа кіріспес бұрын жұмыс алжапқыштарын киюге үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарақтарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуге үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балалардың еңбекке деген дұрыс көз-қарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауға үйрету: үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орына жинауға тәрбиелеу. |
| **Ойындар** (үстел-үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. | **"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау; алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. | **"Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету.**<br>Мақсаты. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. | **"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. | **"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. |
| **Таңғы жаттығу** (5мин) | **Кешенді жаттығулар**<br>Қолдарыңды көтеріңдер - бір дейік.<br>Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.<br>Қолды создық, басты бұрдық - екі деп,<br>Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.<br>Алға, артқа қарадық та - үш дедік.<br>Тағы жаңа жаттығулар істедік.<br>Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,<br>Отырайық көңілді енді марқайтып. | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | "Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | **"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. | **"Көп және біреу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. | **"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. | **"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Қызыл сары, сап-сары.. атты тақпақты жаттау. Дауысты [ұ], [ү] дыбыстары."<br>Мақсаты. Балаларға күзгі құбылыстың бірі, жапырақтардың түсуі жөнінде мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркем сөзді қайталап, жаттауға үйрету.<br>*Сөздік жаттығу. "Күздің бояулары".*<br>**Сурет салу**<br>"Саябаққа күз келді".<br>Мақсаты. Балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуға үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту.<br>*Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Домалайды алмалар"<br>Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысына үйрету.<br>*"Қоян" қимылды ойыны.* | **Музыка**<br>"Ару күз"<br>Мақсаты. Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; күз кереметтері туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.<br>*"Сарыала қаздар" ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Сан алуан жапырақтар"<br>Мақсаты. Балалардың "көп", "біреу", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз өлшемін, зейінді, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Дамыту жаттығуы. "Жапырақпен ойнайық".<br>**Вариативті компонент/** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты домалатайық".<br>Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру.<br>*"Добым, добым домалақ" қимылды ойыны.* | **Құрастыру**<br>"Сары жапырақтар жерге түсті".<br>Мақсаты. Балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқсатуға үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды кеңейту, жапырақтардың сарғайып түсуі жөніндегі түсініктерді анықтау.<br>*Құрылыс нәтижесімен ойнату.*<br>**Музыка**<br>"Жапырақтар сарғайды".<br>Мақсаты. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.<br>*«Атжарыс» ойыны.*<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>"Аула сыпырушы".<br>Мақсаты. Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту.<br>*Дидактикалық ойын: "Аула сыпырушының құралдарын тап".* | **Жаратылыстану**<br>"Алтын күз".<br>Мақсаты. Балаларды күз маусымының алғашқы өзгерістерімен таныстыру; күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістердің маңызы туралы түсініктерін кеңейту; балалардың қарапайым экологиялық мәдениетін қалыптастыру; алтын күз туралы ұғым беру.<br>*"Күзгі өзгерістерді тап" дидактикалық ойыны.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Домалайық".<br>Мақсаты. Балаларды тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін бекіту, оқу қызметін пысықтау.<br>*"Себетке допты лақтыр" қимылды ойыны.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Құстарды бақылау.**<br>Мақсаты: көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудара отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үйрету.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қураған жапырақтарды бір ортаға жинау).<br>Мақсаты: топта жұмыс істеуге үйрету, ересектерге көмек көрсету.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: “Құстар мен мысық” (2-3 рет ойнатылады).<br>Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.<br>Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | Тақырыбы Дидактикалық ойындар | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру; бақылауды дамыту, талдауға, қорытынды жасауға үйрету.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жемшашарды ілуге көмектесу).<br>Мақсаты: құстарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқы", "Мысық пен тышқан".<br>Мақсаты: шашыраңқы жүгіруге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.<br>Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | **Шетенді бақылау.**<br>Мақсаты: шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).<br>Мақсаты: тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық".<br>Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша қимылдарды тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруге үйрету.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл лақтыр".<br>Мақсаты: дәлдікті дамыту. | **Жүргізушілердің еңбегін бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың жүргізуші жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; ересектердің жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).<br>Мақсаты: тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүргізушілерміз", "Жапырақтар".<br>Мақсаты: балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру; ойын әрекеттерінде ересектер еңбегі туралы білімді көрсетуге деген ұмтылысты ынталандыру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: қозғалыс дағдыларын жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Үйге оралу** | этикет ережелері. | | | | |